

**«8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау»  
(6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты,  
«6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
ұсынылған Шынар Шералиевна Онтуганованың «Логикалық амал-  
тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін  
дамыта оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийле р	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының(бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Ш.Ш. Онтуганованың диссертациялық зерттеуі ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №29 қаулысымен бекітілген «ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» бесінші бөлімінің екінші бағытындағы 1-параграфына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру мақсатына жетудегі білім беру мазмұнын жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған. ҚР Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы аясында орындалған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауымен нөмірі); 2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u> 3) Диссертация Қазақстан Республикасының	Ш.Ш.Онтуганованың аталған диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямсы бекіткен ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді: 7) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша зерттеулер. Зерттеу жұмысы педагогика ғылымының заманауи бағыттарына, білім берудің жаңа трендтеріне сай орындалған. Ұсынылған тұжырымдары бастауыш мектепте логикалық амал-тәсілдер жүйесін қолдана отырып, оқушының ойы мен тілін дамытуға арналған. Қол жеткізген зерттеу нәтижелерін мектепте жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда және болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындауда пайдалануға болады.

		Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, өйткені бастауыш мектепте логикалық амал-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ойы мен тілін дамыту мәселесі аса өзекті болып табылады. Осы бағыттағы жаңа зерттеулердің бағытын айқындауда тірек болатын логикалық амал-тәсілдерді бастауыш мектепте оқытуда қолданудың теориялық-әдіснамалық тұғырлары жүйеленген, тұлғаның ойы мен тілі дамуының генезисі анықталған, «логикалық амал-тәсілдер», «ойы мен тілін дамыта оқыту» ұғымдарының мәні анықталып, құрылымдары нақтыланған, логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамытудың моделі ұсынылған, модельді тиімді қолданудың әдістемелік негіздері жүйеленген, осы айтылғандар негізінде зерттеудің маңыздылығы айқын танылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Диссертацияның қол жеткен нәтижелерінің дәйектілігі, мақұлдануы, тұлғаның ойлау іс-әрекеті қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерге талдау жасау барысында анықталған дамыта оқыту теориясы, ақыл-ойды сатылап қалыптастыру теориясы, логикалық ойлауды дамыту теориясы, іс-әрекет теориясы, тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы негіздеріне сүйеніп ұсынылған модельдің тәжірибелік-эксперименттен өткізілуі диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейінің жоғарылығын айқын танытады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылымның даму деңгейі мен қоғам сұранысына байланысты негізделген.

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды;</u></li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> </ol> <p>айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының ғылыми аппаратында толыққанды сипатталған, диссертацияның үш бөлімінде келесі маңызды мәселелер көрініс тапқан: логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері толыққанды, жан-жақты талдау негізінде жүйеге түсірілген, осы ғылыми негізді тірек ете отырып, логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамытудың мүмкіндіктері, әдістері мен амал-тәсілдер жүйесі анықталып, бір модель түрінде ұсынылған, модельді іске асырудың әдістемелік жүйесі әзірленген, оның тиімділігі тәжірибе арқылы дәлелденген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді;</u></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің «логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, оның әдістемелік жүйесін дайындап, тиімділігін эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексеру» деп белгіленген мақсаты оған жету үшін алға қойылған «бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау; «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту» ұғымдарының мазмұнын нақтылап, құрылымын анықтау; логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау; логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік жүйесін дайындау; оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы тексеру; ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру» деген нақты міндеттері өзара мағыналық біртұтастыққа келіп, зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.</p>

		<p>4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) <u>жартылай байланысқан;</u></p> <p>байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы мазмұны мен тақырыпты ашудағы желіні сақтап, логикалық біртұтастықпен толық байланысқан. Алғашқы тармақтардағы ой соңғы тармақтардағы ойлармен мағыналық-мазмұндық жағынан ұласып, сабақтастық сақтала берілген. Логикалық байланыстың сақталуы алғашқы «Бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оытудың теориялық және әдіснамалық негіздері» атты бөліміндегі тармақтардың мазмұнындағы мәселелердің бірінен екіншісі туындап, өзара байланыса келе, теориялық-әдіснамалық негіздер деген мәнге ие болған біртұтастықты айқын көрсетеді. Екінші «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамытудың моделі» деп аталған бөлімдегі әрбір жекелеген тармақтардың орындап шыққан міндеттерінің негізінде оқушылардың ойы мен тілін логикалық амал-тәсілдер негізінде дамытудың педагогикалық мүмкіндіктері, ойы мен тілін дамыта оқыту жүйесі, осы міндетті шешу үшін пайдаланылатын модельдің құрылымдық-мазмұндық моделі анықталып, сипатталған. Үшінші тарауда осы ұсынылған модельді пайдаланудың әдістемелік жүйесі нақтыланып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс негізінде тексерілген, нәтижелерін талдап, ұсыныстар берілген. Диссертацияның барлық бөлімдері мен тармақтарында баяндалған ойдың түінделе келе, зерттеу тақырыбын ашуда логикалық байланыстары толық сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз</p>	<p>Докторант Ш.Ш. Онтуганова ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар. Диссертацияда автор келесі жаңа шешімдерді (қағидаттарды) ұсынған: логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалады; әдіснамалық негіздерінде жүйелік тұғыр, ісәрекеттік тұғыр, тұлғалық-бағдарлық тұғыр, субъективтілік тұғырлары және теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, оқу-танымдық қызметтің жүйелілігі ұстанымы,</p>

		пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	оқу материалының ғылымилық ұстанымы, оқушыларың жас ерекшелігін, даму ерекшелігін ескеру ұстанымы, демонстрациялық ұстанымдары басшылыққа алынады; «логикалық амал-тәсілдер – ойлау арқылы бұрынғы білімді негізге ала отырып, жаңа білімді жасаушы құрылым»; «ой мен тілді дамыта оқыту – ойлау мен сөйлеу формалары арқылы баланың қабілетін дамытуға бағытталған субъект-субъект қатынасындағы өзін-өзі білімдендіру үдерісі» деп нақтыланады; логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзара тығыз байланыстағы мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексивті компоненттерден түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және жоғары, орта, төмен деңгейлерінің өзара байланысы негізінде құрылады; логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік жүйесі мен оның құраушы компоненттері анықталады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияда бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері түрлі аспектілерден танылып, бір жүйеге түсірілген. Философиялық тұрғыдан тұлғаның ойы мен тілі дамуының генезисін анықтауда «ой», «ойлау», «тіл», «сөйлеу», «таным», «ақыл-ой» ұғымдары мен түсініктері жан-жақты талданып қарастырылған. Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың педагогикалық психологиялық негіздері терең және басқа ғылымдармен тығыз байланыстыра талдаулар жасау негізінде айқындалған. Ой мен тілдің байланысы туралы теориялық негіздерді жүйелеуде педагогикалық мақсатқа жетуге қажетті бағыт бойынша еңбектер талдануы арқылы диссертация тақырыбының ашылуына керекті айқын теориялық тіректер нақтыланған. Соның негізінде «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту» ұғымдарының мәні мен құрылымына терең

			<p>талдау жасалынған. Теориялық негіздерге сүйене отырып, диссертант логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының математика, қазақ тілі, жаратылыстану пәндерін оқыту процесінде ойы мен тілін дамыта оқытудың мүмкіндіктерін анықтаған. Логикалық амал-тәсілдерді қолдану арқылы орындалатын тапсырмалар құрамында талдау, жинақтау, салыстыру, нақтылау және абстракциялау үдерістеріне арналған және ұғым қалыптастырып, пайым, ой қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға үлкен назар бөлініп қарастырылған. Бастауыш мектепте логикалық амал-тәсілдерді қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, дүниетану бойынша пәнаралық байланыс негізінде меңгерту бойынша диссертант логикалық амал-тәсілдер арқылы оқушылардың ойы мен тілін дамыта оқытудың жүйесін ұсынған. Осы жүйені тірек ете отырып, логикалық амал-тәсілдер арқылы оқушылардың ойы мен тілін дамыта оқытудың моделін жасаған. Бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілі дамуының өлшемдері мен көрсеткіштері анықталған. Ұсынылған модельдің жүйелі технологиялық сипатына орай, әрбір компонентінің нақты сипаттамасы берілген. Жүргізілген педагогикалық тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы ұсынылған модельді іске асыру технологиясының нәтижелілігін анықтауға қол жеткізген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <u>1) толығымен жаңа;</u>  <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>  <u>3) жаңа емес (25% кем жаңаболып табылады)</u></p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Біріншіден, бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылым тұрғыларынан айқындалып, «ой», «ойлау», «тіл», «сөйлеу», «таным», «ақыл-ой» ұғымдарына жан-жақты талдау жасала отырып, «логикалық амал-тәсілдер арқылы оқушылардың ойы мен тілін дамыта оқыту» ұғымдарының мәні мен құрылымы анықталған; екіншіден, «логикалық амал-тәсілдер» және «ой мен тілді дамыта оқыту ұғымдары» зерттеу тақырыбымен байланыстырыла нақтыланған; үшіншіден, логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың жүйелік, іс-әрекеттік,</p>

		<p>тұлғалық-бағдарлық, субъективтілік тұғырларын айқындап, жүйеге түсіру арқылы теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, оқу-танымдық қызметтің жүйелілігі ұстанымы, оқу материалының ғылымилық ұстанымы, оқушылардың жас ерекшелігін, даму ерекшелігін ескеру ұстанымы, демонстрациялық ұстанымдары айқындалған; төртіншіден, логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың өзара тығыз байланысты мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-ісәрекеттік, бағалаушылық-рефлексивті компоненттерден түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығының және жоғары, орта, төмен деңгейлерінің өзара байланысы негізінде құрылған құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған; бесіншіден, зерттеудің теориялық тұғыры мен эксперименттік нәтижелеріне сүйене отырып, бастауыш мектепте қолдануға ұсынылатын оқушылар үшін және мұғалімдер үшін әдістемелік жүйе ұсынылған.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңаболып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>

		гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<u>1)</u> <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; <u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа;<u>3)</u> <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденгенбе?</p> <p><u>1) ия</u>;</p> <p><u>2) жоқ</u></p>	<p>7.1 Бірінші қағидат дәлелденген, өйткені тұлғадағы ой мен тілді дамытудың генезисін тануда оның философиялық мәні, психологиялық мазмұны педагогикалық аспектісі толыққанды талданып, логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың ішкі мазмұнының жүйелік-құрылымдық болмысы анықталып, ғылыми табиғаты танылған.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағида тривиалды емес, өйткені қағидаттың жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3 Ия. Бірінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Бірінші қағидат диссертант Ш.Ш. Онтуганованың жарияланған 6 ғылыми еңбегінде, оның ішінде 1 мақаласы Scopus және Web of Science базасына енген басылымда көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Екінші қағидат дәлелденген, өйткені философиялық, логикалық, педагогикалық, психологиялық ғылыми-зерттеу еңбектерін жан-жақты талдау негізінде «логикалық амал-тәсілдер – ойлау арқылы бұрынғы білімді негізге ала отырып, жаңа білімді жасаушы құрылым»; «ой мен тілді дамыта оқыту – ойлау мен сөйлеу формалары арқылы баланың қабілетін дамытуға бағытталған субъект-субъект қатынасындағы өзін-өзі білімдендіру үдерісі» екендігі нақтыланған.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағида тривиалды емес, өйткені қағидаттың жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3 Ия. Екінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Екінші қағидат диссертант Ш.Ш. Онтуганованың жарияланған 6 ғылыми еңбегінде, оның ішінде 3 мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда, 1 мақаласы Scopus және Web of Science базасына енген басылымда көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Үшінші қағидат дәлелденген, өйткені, зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздерін құрайтын жүйелік тұғыр, іс-</p>



		<p>әрекеттік тұғыр, тұлғалық-бағдарлық тұғыр, субъективтілік тұғырлары жүйеленген және басшылыққа алынатын теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, оқу - танымдық қызметтің жүйелілігі ұстанымы, оқу материалының ғылымилық ұстанымы, оқушыларың жас ерекшелігін, даму ерекшелігін ескеру ұстанымы, демонстрациялық ұстанымдары анықталып, жүйеленген.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағида тривиалды емес, өйткені қағидаттың жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3 Ия. Үшінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Үшінші қағидат диссертант Ш.Ш. Онтуганованың жарияланған 6 ғылыми еңбегінде, оның ішінде 3 мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда, 1 мақаласы Scopus және Web of Science базасына енген басылымда, 1 мақаласы шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Төртінші қағидат дәлелденген, өйткені логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту - өзара тығыз байланыстағы мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексивті компоненттерден түзілген, өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығы нақтыланған, жоғары, орта, төмен деңгейлері белгіленіп, олардың өзара байланысы анықталып жасақталған логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделіне негізделген.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағида тривиалды емес, өйткені қағидаттың жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3 Ия. Төртінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Төртінші қағидат диссертант Ш.Ш. Онтуганованың жарияланған 6 ғылыми еңбегінде, оның ішінде 3 мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым</p>
--	--	--

			<p>саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда, 1 мақаласы Scopus және Web of Science базасына енген басылымда, 1 мақаласы шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында көрініс тапқан.</p> <p>7.1 Бесінші қағидат дәлелденген, өйткені ұсынылған модельді іске асыруға қажетті технологиның әрбір алгоритміне әдістемелік бағыт-бағдар беру міндетін шешуге арналған әдістемелік жүйе жасақталған. Ол жүйенің құрамына бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Логика элементтерін бастауыш білім беруде қолдану» атты 24 сағат көлеміндегі ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы, 3-сынып оқушыларына арналған «Логикалық сауаттылық» факультативтік курс бағдарламасы, «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту негіздері» атты оқу-әдістемелік құрал енгізілген.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағида тривиалды емес, өйткені қағидаттың жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3 Ия. Бесінші қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Жарияланған мақалаларда және ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарында дәлелденген. Бесінші қағидат диссертант Ш.Ш. Онтуганованың жарияланған 6 ғылыми мақаласында және «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту негіздері» атты оқу-әдістемелік құралында көрініс тапқан [Ш.Ш. Онтуганова. «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту негіздері». Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, 2021. – 96 бет. ISBN 978-601-7526-16-0].</p>
8	Дәйектілік принципі. Дереккөзде р мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u>	8.1 Ия. Әдістеменің таңдауы негізделіп, әдіснамасы нақты жазылған. Тақырыпқа байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары мен зерттеулерге, ғылыми әдебиеттерге тиянақты шолу жасалып, терең талдаулар жүргізілген; нәтижесінде

ақпараттың дәйектілігі.	<p><u>2) жоқ</u></p>	<p>логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық тұғырлары жүйеленген, педагогикалық алғышарттар мен мүмкіндіктердің анықталуы негізінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі түзілген; модельдің іске асырылу технологиясы анықталып, оның әрбір алгоритмінің әдістемелік сипаты айқындалған, осы модельді пайдалану технологиясының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы, оқыту-қалыптастырушы, бақылау кезеңдерінде сыналып, нәтижелері сауалнама, Н.Г.Лусканова әдістемесі арқылы, Н.Л.Белопольскаяның әдістемесі арқылы, ШТУР тестісі бойынша баланың ақыл-ойы даму деңгейлерінің көрсеткіштерін анықтау бойынша, Мэтью Липман тестісі бойынша, Пирсонның <math>\chi^2</math> (хи - квадрат) критерийі бойынша заманауи тұрғыдан талданып, тиімділігі дәлелденген.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; <u>2) жоқ</u></p>	<p>8.2 Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау нақты айтқанда, Н.Г.Лусканова әдістемесі арқылы, Н.Л.Белопольскаяның әдістемесі арқылы, ШТУР тестісі бойынша баланың ақыл-ойы даму деңгейлерінің көрсеткіштерін анықтау бойынша, Мэтью Липман тестісі бойынша, Пирсонның <math>\chi^2</math> (хи - квадрат) критерийі бойынша заманауи әдістемелерін пайдалана отырып алынған,</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық</p>	<p>8.3 Ия. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді). Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың табиғатын зерттеу барысында философияның, логиканың педагогиканың,</p>


		<p>ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):  <u>1) ия;</u>  жоқ</p>	<p>психологияның, бастауыш мектепте жекелеген пәндерді оқыту әдістемелерінің түйіскен нүктесінде алынған теориялық қорытындылардың жаңалығы дәлелденген, бастауыш мектепте қазақ тілін, математика, әдебиеттік оқу, жаратылыстану бағытындағы пәндердің дербес оқытылу және олардың пәнаралық өзара байланысын тірек ете отырып, оқушылардың логикалық амал-тәсілдерді пайдалану дағдыларын қалыптастырудың жаңа моделі, оның іске асырылу технологиясы мен әрбір компоненттің дербес және тұтастықтағы байланысы негізіндегі әдістемелік сипаты жасалынған; ұсынылған модельдің технологиялық сипаты ондағы компоненттердің жүйелі және сабақтастыққа негізделген байланыстары мен қатынасы арқылы танылады, әрбір компоненттің дербес әдістемелік сипаты келесі компонентпен табиғи байланысқа негізделген, сөйте келе, тұтас модельдің жұмыс жасап, нәтижелі болуына арналған. Оның тиімділігі Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектебі» КММ және Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейі» КММ базасында өткізілген педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденген, нәтижелері талданып, қажетті ғылыми және әдістемелік ұсыныстар әзірленген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>/ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалуымен <u>расталған</u>.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>. Диссертанттың зерттеуінде 176 аталымнан тұратын әдебиет пайдаланылған.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<u>1) ия;</u>  2) жоқ</p>	<p>9.1 Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Бастауыш мектепте білім беру жүйесіндегі жаңашыл инновациялық өзгерістер жағдайындағы оқушының ойлауы мен сөйлеуін дамыту мәселесінің өзектілігі мен өткірлігі логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық жүйесі арқылы негізделген, логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін</p>

			<p>дамыта оқытудың моделі түзіліп, оның ішкі құрылымдық-жүйелік мазмұны анықталған, осы модельдің іске асырылу технологиясы мен оның әр компонентінің өзара байланысы мен қатынасы нақтыланып, логикалық амал-тәсілдерді қолданудың біртұтас әдістемелік негіздері жүйеленген. Теориялық негіздер жүйесі мен соның негізінде жасақталған модель мен оны іске асыру технологиясының желісі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дәйектелген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:  <u>1) ия;</u>  <u>2) жоқ</u></p>	<p>9.2 Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері бастауыш мектепте қазақ тілі, математика, әдебиеттік оқу, дүниетану пәндерін оқытуда пайдалану мүмкіндігі жоғары болып табылады. Оған қоса, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындауда аталған пәндердің оқыту әдістемелері курстарының құрамына енгізіп, логикалық амал-тәсілдерді пайдалану дағдыларын қалыптастыруға және практикадағы мектеп мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру курстарында пайдалануға, логиканың пәндерді оқытудағы зор мүмкіндіктерін тәжірибеде қолдануына мүмкіндіктер жасауда практикалық маңызы зор болып табылады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?  <u>1) толығымен жаңа;</u>  <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>  <u>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. Теориялық-әдіснамалық арналардың тоғысуында танылған логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың моделі оның құрылымдық-жүйелік мазмұнындағы әрбір компоненттің бүгінгі мектеп және қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа жауап беруге арналған және ол компоненттердің өзара байланысы оқушылардың логикалық амал-тәсілдерді тек сабақ үстінде немесе пәнді меңгеруде ғана емес, өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруда жетекші құрал болуына қызмет ете алатындай тұрғыдан жасақталынған. Ш.Ш.Онтуганованың ғылыми ізденісінің теориялық арналары негіз болған логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың моделі және оның іске қосылуын қамтамасыз ететін әдістемелік негіздері, нақты оқу-әдістемелік құралы мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстары бастауыш мектепте оқыту әдістемесі саласында бірінші рет ұсынылған.</p>

10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның тілі мен стилі академиялық жазу талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияның мазмұнындағы қолданылған басты ұғымдар мен терминдер және анықтамалар жүйесі жеткілікті деңгейде ұсынылған. Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
-----	---------------------------	--	---

**Шешім:** «8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау» (6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты, «6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша Шынар Шералиевна Онтугановаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

**М.В. Ломоносов атындағы**  
**Мәскеу мемлекеттік университетінің**  
**Қазақстан филиалының профессоры,**  
**педагогика ғылымдарының докторы**



**Н.Ж. Құрман**

**Филология кафедрасының профессоры,**  
**педагогика ғылымдарының докторы Н.Ж. Құрманның**  
**қолын қуәландырамын**

Ғылымға Н. Ж. Құрман удостоверяю.  
 Служащий  
 по кадровой политике Морозова Н. Н.  
 28 апреля 2023.



